



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201_ жылғы «_» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«_» _____ 201_ года

22 ақпан 2017 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
Төрағасы
Д.Т. Ақышевқа

Депутаттық сауал

Құрметті Данияр Талғатұлы!

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-да эмиссиялық бағалы қағаздарға құқықтарды тіркеуге байланысты мәселелер бойынша тұрақты заңды құқық қолдану жоқ екеніне құжаттамалық растау келтірген «Алматы заң корпорациясы» заң компаниясының өтініштері біздің депутаттық сауалымызға себеп болды.

Өтініште «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-ның өзінің Басқарма төрағасы Б.Х. Қапышев мырзаның атынан сот актісін ұзақ уақыт бойы орындамау ерекше аталып өткен. Соттың заңды күшіне енген актісімен Тіркеушіге заңды тұлғада заңсыз болатын акцияларды заңды иеленушінің меншігіне қайтару бұйырылған болатын. Тіркеушінің Жоғарғы Сот растаған сот актісін орындамауының ықтимал уәжі құзыретсіздік те, рейдерлік те, сыбайлас жемқорлық та, кәсіби жарамсыздық та болуы мүмкін.

Алайда, осы жағдайдың келесідей аспектісі анағұрлым маңызды болып табылады: тіркеуші сот актісін орындаудан бас тартуды түсіндіре отырып, қолданыстағы заңнаманың анық еместігіне және Заңды нақты жағдайда қолдануды түсіндіру үшін жүгіну қажеттілігіне сілтеме жасаған. Тіркеуші түсініктеме беру үшін Жоғары Сотқа, Бас прокуратураға және Әділет министрлігіне жүгінген.

Бұл ретте, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңының 36-бабының 6-тармағында эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өзгертілуін немесе тоқтатылуын тіркеуді атқарушылық парактың негізінде жүргізу императивті нысанда нұсқалған. Аталған нормада ешқандай шектеулер не ескертулер қамтылмаған.

005996

Норманың тұжырымдамасы сот актілерінің міндеттілігі қағидатына толық сәйкес келеді. Алайда, Тіркеуші, көріп отырғанымыздай, қажетті заңға тәуелді актілердің болмауына сілтеме жасай отырып, бұл норманы қолданбайды.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 11-бабында нормативтік құқықтық актілердің тікелей қолданылуы белгіленеді. Бұл нұсқамалық сипаттағы заңға тәуелді актілер болмаған кезде Заң нормаларын тікелей қолдануды басшылыққа алу қажет дегенді білдіреді.

Бірақ Тіркеушінің «түсініктеме беру» үшін «уәкілетті органдарға» жүгінуі мамандандырылған орган – Тіркеушінің Заң нормаларын қолдануға қабілетсіз екендігін ғана емес, сондай-ақ жан-жағынан алып қарағанда, басқа салалар мен құқықтың сабақтас және арнайы заңнамасын талдау мен қолдану бойынша өз жауапкершілігін басқа органдарға артатынын көрсетіп отыр.

Заң шығарушы Тіркеушінің қызметін реттейтін заңға тәуелді актілерді шығару функцияларын Уәкілетті органға (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңының 3-бабы) жүктеді.

Алайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңға тәуелді актілеріне жүргізілген талдау, біріншіден, Тіркеушінің қызметін реттейтін бір ғана заңға тәуелді актінің (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 167 Қаулысы) бар екенін, ал екіншіден, осы актіде Тіркеушінің осыған ұқсас жағдайларда заңды жүріс-тұрысын нұсқайтын нормалардың жоқ екенін (эмиссиялық бағалы қағаздарға шектеулер не ауыртпалықтар болған жағдайда атқарушылық парак) көрсетті. Заңға тәуелді актіде акцияларға қатысты тіркеу әрекеттері бойынша мұндай олқылықтың (сот актілерінің негізінде) сақталып қалуы Тіркеушінің әрекеттеріндегі қателіктер үшін ғана емес, сондай-ақ рейдерлік және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін де қолайлы негіз жасайды. Сонымен қатар, мұндай олқылықтар еліміздің сот билігінің пәрменділігі мен тиімділігін күрт төмендетеді, заң шығарушы мен Уәкілетті органның жолға қойылған жұмысын бұзады және сайып келгенде, Ұлттық Банктің өзінің беделін түсіреді.

Бұл проблеманы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңға тәуелді актілерін егжей-тегжейлі тәптіштеу арқылы жою қажет. Заңда Тіркеушінің қызметі саласындағы құқық нормаларын қалыптастыру функциялары заңға тәуелді актілердегі олқылықтарға ден қоюдың жеделділігі мен уақтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарамағына берілген.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Сізден мынадай сұрақтарға жауап беруді сұраймыз:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағалы қағаздарды Тіркеушінің әрекеттерін реттейтін заңға тәуелді актілердегі олқылықтарды қандай мерзімде жоюды көздеп отыр, заңнамада осы жұмыс үшін кедергілер жоқ па, болған жағдайда, нақты қандай екенін атат өтсеңіз?

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағалы қағаздармен жұмысында квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қызметіне жедел мониторинг жүргізе ме және қандай нысанда?

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде квазимемлекеттік сектор ұйымдарына басшылық жасау кезінде, сондай-ақ құқық қолдану практикасындағы және заңдар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нұсқаулықтары негізінде шығарылатын нұсқамалық материалдардағы проблемаларды, олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды анықтау бойынша тәуекелдерді басқару жүйесі бар ма және ол қалай жұмыс істейді?

Жауабын «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес жазбаша нысанда беруіңізді сұраймыз.


**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары**

Ш. Хахазов





Е.Никитинская

А.Жамалов





И.Смирнова


К.Жабағиев



С.Симонов



Г.Қаракүсова



П.Шарапаев



С.Қусайынов



Т.Яковлева

А.Суслов



Оглашен 22 февраля 2017 года

**Председателю
Национального Банка
Республики Казахстан
Акишеву Д.Т.**

Депутатский запрос

Уважаемый Данияр Талгатович!

Поводом для нашего депутатского запроса стали обращения юридической компании «Алматинская юридическая корпорация», которая привела документальные подтверждения того, что в АО «Единый регистратор ценных бумаг» отсутствует устойчивое законное правоприменение по вопросам, связанных с регистрацией прав на эмиссионные ценные бумаги.

В обращении особо отмечено длительное неисполнение судебного акта АО «Единый регистратор ценных бумаг» в лице его Председателя Правления г-на Капышева Б.Х. Вступившим в законную силу актом суда Регистратору предписывалось произвести возврат акций, неправомерно находящихся у юридического лица, в собственность законному владельцу. Возможным мотивом неисполнения Регистратором судебного акта, подтвержденного Верховным Судом, может быть и некомпетентность, и рейдерство, и коррупция, и профессиональная непригодность.

Однако гораздо более важным является следующий аспект данного случая: регистратор, объясняя отказ от исполнения судебного акта, ссылается на неясность действующего законодательства и на необходимость обратиться за разъяснением применения Закона в конкретном случае. Регистратор обратился за разъяснением в Верховный Суд, в Национальный Банк, в Генеральную Прокуратуру и Министерство Юстиции.

При этом пункт 6 статьи 36 Закона РК «О рынке ценных бумаг» в императивной форме предписывает проведение регистрации изменения или прекращения прав по эмиссионным ценным бумагам на основании

исполнительного листа. Данная норма не содержит никаких ограничений либо исключений.

Формулировка нормы полностью соответствует принципу обязательности судебных актов. Однако данная норма, как видим, Регистратором не применяется со ссылкой на отсутствие необходимых подзаконных актов.

Статья 11 Закона «О правовых актах» устанавливает прямое действие нормативных правовых актов. Это значит, что при отсутствии подзаконных актов инструктивного характера, необходимо руководствоваться прямым применением норм Закона.

Но обращение Регистратора за «разъяснениями» в «уполномоченные органы» показывает, что специализированный орган – Регистратор – не только не способен применять нормы Закона, но и судя по всему перекладывает свою ответственность по анализу и применению смежного и специального законодательства других сфер и права на другие органы.

Законодатель возложил функции издания подзаконных актов, регулирующих деятельность Регистратора, на Уполномоченный орган (Национальный Банк Республики Казахстан – статья 3 Закона РК «О рынке ценных бумаг»).

Однако анализ подзаконных актов Национального Банка Республики Казахстан, показал, что во-первых, существует лишь один подзаконный акт, прямо регулирующий деятельность Регистратора (Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2014 года № 167), а во-вторых – в данном акте отсутствуют нормы, предписывающие законное поведение Регистратора в подобных случаях (исполнительный лист при условии наличия ограничений либо обременений на эмиссионные ценные бумаги). Сохранение такого пробела в подзаконном акте по регистрационным действиям (на основании судебных актов) в отношении акций, создает благоприятную почву не только для ошибок в действиях Регистратора, но и для рейдерских и коррупционных правонарушений. Кроме того, подобные пробелы резко снижают действенность и эффективность судебной власти страны, нарушают слаженную работу законодателя и Уполномоченного органа, и в конечном счете дискредитирует сам Национальный Банк.

Проблему нужно устранить путем тщательной детализации подзаконных актов Национального Банка Республики Казахстан. Законом функции формирования норм права в области деятельности Регистратора переданы в ведение Национального Банка Республики Казахстан для обеспечения оперативности и своевременного реагирования на имеющиеся пробелы в подзаконных актах.

В связи с вышеизложенным, уважаемый Данияр Талгатович просим Вас ответить на следующие вопросы:

1. В какие сроки Национальный Банк Республики Казахстан рассчитывает устранить пробелы в подзаконных актах, регулирующих

действия Регистратора ценных бумаг, нет ли препятствий для этой работы в законодательстве, и если есть, то какие именно?

2. Проводит ли Национальный Банк Республики Казахстан оперативный мониторинг деятельности организаций квазигосударственного сектора в работе с ценными бумагами и в какой форме?



3. Имеется ли и как работает в Национальном Банке Республики Казахстан система управления рисками при руководстве организациями квазигосударственного сектора и по выявлению проблем, пробелов и противоречий в правоприменительной практике и инструктивных материалах, издаваемых на основании законов и инструкций Национального Банка Республики Казахстан?

Ответ просим дать в письменной форме в соответствии с пунктом 4 статьи 27 Конституционного Закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».



С уважением,
Депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

Ш. Хахазов   Е.Никитинская

А.Жамалов   И.Смирнова

К.Жабалиев   С.Симонов

Г.Карагусова  П.Шарапаев 

С.Кусаинов   Т.Яковлева

А.Суслов 